

	«Каспий» тауарлық биржасы» АҚ биржалық тауармен жасалған биржадан тыс мәмілелерді тіркеу қағидалары	
	1-нұсқа	Парағы 1 /7

«Каспий» тауар биржасы» АҚ
Президентінің 2020 жылғы
12 наурыз № 29 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

Мөр: Caspy Commodity Exchange CCX, ЖСН 161040025831*
«Каспий» тауар биржасы» Акционерлік қоғамы, Қазақстан
Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы

«Каспий» тауарлық биржасы» АҚ
биржалық тауармен жасалған
биржадан тыс мәмілелерді тіркеу қағидалары

	«Каспий» тауарлық биржасы» АҚ биржалық тауармен жасалған биржадан тыс мәмілелерді тіркеу қағидалары	
	1-нұсқа	Парағы 2 /7

Мазмұны

Бөлім 1. Жалпы ережелер.....	3
Бөлім 2. Өтініш берушінің биржадан тыс мәмілені тіркеу тәртібі.....	4
Бөлім 3. Биржадан тыс мәмілелер тізілімін жүргізу тәртібі	5
Бөлім 4. Биржадан тыс мәмілелер тізілімінен ақпарат беру тәртібі.....	5
Бөлім 5. Қорытынды ережелер.....	5

	«Каспий» тауарлық биржасы» АҚ биржалық тауармен жасалған биржадан тыс мәмілелерді тіркеу қағидалары	
	Редакция 1	Парағы 3 /7

Бөлім 1. Жалпы ережелер

Осы Биржадан тыс мәмілелерді тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 мамырдағы «Тауарлық биржалар туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 наурыздағы № 280 бұйрығымен бекітілген үлгілік биржалық сауда қағидаларына (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 18 желтоқсандағы № 94 бұйрығымен бекітілген, тауарлық биржаларда және электрондық сауда алаңдарында тиісінше өткізілген сауда барысында қалыптасқан, монополиялық жоғары (төмен) деп танылмайтын биржалық тауарлар бағасын айқындау қағидаларына сәйкес әзірленді.

«Каспий тауарлық биржасы» (бұдан әрі – Биржа) биржалық тауармен жасалған биржадан тыс мәмілелерді тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Биржада биржадан тыс мәмілелерді тіркеу тәртібін және ішкі рәсімдерін, сондай-ақ биржалық тауармен жасалған биржадан тыс мәмілелердің тізілімін жүргізу тәртібін және осы Тізілімнен мүдделі тұлғаларға ақпарат беру тәртібін айқындайды.

1. Биржада Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 142 бұйрығымен бекітілген биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген тауарлар бойынша жасалған биржадан тыс мәмілелер тіркелуге жатады.
2. Биржада биржадан тыс мәмілені тіркеу мәміле тараптарына, сондай-ақ Биржаның аккредиттелген мүшелеріне ешқандай шығын әкелмейді.
3. Биржада өтініш беруші биржадан тыс мәмілені тіркеу туралы өтінішті өз бетінше не Биржаның аккредиттелген мүшесі арқылы береді.
4. Биржаға Өтініш беруші биржадан тыс мәміле бойынша ақпаратты ашу фактісімен мәміле жөніндегі қарсы тараптың мәміле бойынша коммерциялық құпияны ашуға келісімін алғанын кепілдендіреді.
5. Биржа Өтініш берушінің көрсетілген әрекеттері үшін жауап бермейді.
6. Биржада тіркелетін биржадан тыс мәмілелер бойынша деректер тек теңгемен көрсетіледі.
7. Шетел валютасында жасалған биржадан тыс мәміле туралы ақпарат ұсынылған жағдайда, тауар бағасы мәміле жасалған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша теңгемен көрсетіледі.
8. Биржадан тыс мәмілелерді тіркеу үшін өтініш беруші Қағидаларға қосымша 1-формаға сәйкес мәліметтерді Биржаға ұсынады.
9. Биржада тіркелетін биржадан тыс мәміле бойынша мәліметтерге мыналар кіреді:
 - мәміле қатысушылары болып табылатын брокерлердің (дилердің) толық атауы (брокер арқылы тіркелген жағдайда);
 - Тауар сатушысы мен сатып алушысының толық атауы;
 - сатушы мен сатып алушының БСН/ЖСН-і;
 - сатушы мен сатып алушының байланыс деректері (телефондар, электрондық пошта мекенжайлары);
 - сатушы мен сатып алушының заңды мекенжайлары;
 - шарт нөмірі және жасалған күні (биржадан тыс мәміле бойынша);
 - тауардың атауы;

	«Каспий» тауарлық биржасы» АҚ биржалық тауармен жасалған биржадан тыс мәмілелерді тіркеу қағидалары	
	Редакция 1	Парағы 4 /7

- өлшем бірлігі;
- саны (үтірден кейін екі таңбаға дейін дәлдікпен);
- тауардың бір өлшем бірлігі үшін бағасы;
- мәміленің жалпы сомасы (шарт сомасы);
- мәміле валютасы: «Т» – қазақстандық теңге, «S» – АҚШ доллары, «R» – РФ рублі, «E» – ЕО еурасы;
- тауарды төлеу және жеткізу шарттары;
- тауардың сапалық/техникалық сипаттамалары.

10. Биржадан тыс мәміле бойынша тіркеу деректерін Биржа қалыптастырады. Биржада биржадан тыс мәмілені тіркеу биржалық мәміле болып табылмайды.

11. Тіркелген биржадан тыс мәмілені түзетуге немесе жоюға жол берілмейді.

Бөлім 2. Өтініш берушінің биржадан тыс мәмілені тіркеу тәртібі

12. Өтініш беруші биржадан тыс мәміле бойынша ақпаратты Биржаға пошта немесе электрондық байланыс арқылы береді.

13. Электрондық байланыс арқылы тіркеуге ақпарат берген жағдайда, мәліметтер қосымша 1-нысанына сәйкес жолданады.

14. Қосымша 1 ақпараты өтініш беруші тарапынан екі файл түрінде жолданады:

1. Microsoft Excel форматында Қосымша 1 (2007 ж. және одан кейінгі нұсқалар);
2. Adobe PDF форматында өтініш берушінің қолы және мөрмен немесе ЭЦҚ-мен қол қойылған Қосымша 1 файлы.

15. Биржа толық мәліметтер берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде биржадан тыс мәмілені тіркеуді жүзеге асырады.

16. Биржада тіркелген мәмілеге маклер жеке тіркеу нөмірін береді.

17. Биржа өтініш берушінің қате мәлімет енгізгені үшін, сондай-ақ осыдан тараптарға келтірілген залал үшін жауап бермейді. ҚР бәсекелестікті қорғау органымен өтініш беруші ұсынған дұрыс емес, жарамсыз немесе жалған мәліметтер анықталған жағдайда, жауапкершілік өтініш берушіге жүктеледі.

18. Өтініш беруші толық мәліметтер бермеген жағдайда, Биржа биржадан тыс мәмілені тіркеуден бас тартады.

19. Биржа биржадан тыс мәмілені тіркеуден бас тартқан күні, бас тарту себептерін көрсете отырып, өтініш берушіге тиісті хабарламаны жібереді.

Аталған хабарлама өтініш берушінің электрондық поштасына электрондық хабарлама түрінде жолданады.

Бөлім 3. Биржадан тыс мәмілелер тізілімін жүргізу тәртібі

Биржа өтініш берушілерден биржадан тыс мәмілелер бойынша ақпарат түскен сайын оларды биржадан тыс мәмілелер тізіліміне тіркейді.

20. Тізілімде мына деректер қамтылады:

- Биржа берген биржадан тыс мәміленің сәйкестендіру нөмірі;
- мәміленің Биржада тіркелген күні мен уақыты;
- мәміле тараптарының атауы;

	«Каспий» тауарлық биржасы» АҚ биржалық тауармен жасалған биржадан тыс мәмілелерді тіркеу қағидалары	
	Редакция 1	Парағы 5 /7

- мәміле нысанасы болып табылатын тауардың атауы;
- тауардың бағасы (теңге);
- өлшем бірлігі;
- тауардың саны;
- мәміле валютасы;
- мәміленің жалпы сомасы;
- мәміленің нөмірі мен жасалған күні.

Бөлім 4. Биржадан тыс мәмілелер тізілімінен ақпарат беру тәртібі

21. Тізілімнен ақпарат өтініш берушінің электрондық поштасына қосымша 2-нысанына сәйкес есеп түрінде жолданады.
22. Биржадан тыс мәмілелердің тізіліміндегі деректер мәміле тараптарының коммерциялық құпиясы болып табылады және тек тараптардың алдын ала келісімі болған жағдайда ғана үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.
23. Өзге жағдайларда, Биржа тек Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген құқықтары бар үшінші тұлғаларға ғана мәлімет бере алады.

Бөлім 5. Қорытынды ережелер

24. Осы Қағидалар Биржа Президентінің шешімімен бекітіледі. Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар да Биржа Президентінің шешімімен енгізіледі.
25. Осы Қағидалар Биржаның интернет-ресурсында жарияланған күннен бастап бес күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.



«Каспий» тауарлық биржасы» АҚ биржалық тауармен жасалған
биржадан тыс мәмілелерді тіркеу қағидалары

Редакция 1

Парағы 6 /7

Қосымша 1

«Каспий» тауарлық биржасы» АҚ
биржалық тауармен жасалған
биржадан тыс мәмілелерді тіркеу қағидаларына

Биржадан тыс мәмілелерді тіркеу туралы есеп пен өтініш нысаны

Биржадан тыс мәмілелерді өткізу күні	Күні/айы/жылы						
Мәміле контрагенттерінің толық атауы	Сатушы:				Сатып алушы:		
Орналасқан жері (заңды мекенжайы)							
БСН/байланыс деректері	БСН:	Телефон:	Email:	БСН:	Телефон:	Email:	
Биржадан тыс мәмілені тіркеудің негіздеме құжаты (Сату-сатып алу шарты, қосымша келісім) – астын сызу қажет Биржадан тыс мәмілені тіркеудің негіздеме құжаты (Сату-сатып алу шарты, қосымша келісім) – астын сызу қажет							
Құжат № мен жасау күні	Тауар атауы	Тауар саны (көлемі), тоннамен	Жеткізу шарттары	Тауардың өлшем бірлігіне құны	Мәміле сомасы	Мәміле валютасы	Тауардың сапалық сипаттамасы
1							

Қолтаңбасы / ЭЦҚ

М.О. /ЭЦҚ

Биржадан тыс мәміленің тіркеу нөмірі мен күні («Каспий тауар биржасы» АҚ толтырады)

Өтінішке қол қойған тұлғаның аты-жөні

Жауапты қызметкердің ТАӨ және қолы (Биржа толтырады)

Сатушы/сатып алушы атынан (астын сызыңыз) нысанды электронды пошта арқылы жіберген жағдайда

